



Мұнайлы ӨЛКЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№08 (118), қыркүйек, 2019 жыл


**АРНАЙЫ
ШЫҒАРЫСЫМ**





МАҢҒЫСТАУ ТӨРІНДЕГІ

Мұнайшылар дүбірлі тойды абыроймен өткерді. Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдық мерейтойы таң атысымен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында қара алтын игерудің майталмандары болған тоқсан ардагерді марапаттаумен басталып, сәні-мен салтанаты жарасқан жиналысқа ұласты. Бір күнге сыйғызылған айтулы шарада меймандар Қазақ мұнайының атасы атанған даңқты мұнайшы Сафи Өтебаевтың мүсініне гүл шоқтарын қойып, мұнай абызын ұлықтады. Облысымызға ат басын тіреген қонақтар мен сала ардагерлеріне арнайы қонақасы беріліп, мерекелік дастархан жайылды. Дәл осы сәтте теңіз жағалауындағы Амфитеатрда Қазақ эстрадасына танымал өнер жұлдыздарының концертін бастауға әзірлік жасап жатқан еді. Кеш ауа басталған концертті тамашалаушы қауымның қарасы дәл осы күні қонақтармен қатар қала тұрғындарының толассыз қатарымен толыққан еді. Жағалауға жиналған дүйім жұрттың концерттен көңілдері бір серпіліп қайтқанын, жалпы дүбірлі күннің тынысын сіздерге фоторепортаж арқылы жеткізуді жөн көрдік.



ДҮБІРЛІ КҮН



**Қымбатты әріптестер,
«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік
басқармасының ұжымы!**

Сіздерді «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы және өз атымнан Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бозашыдағы ірі өндіріс ошағы саналатын Қаламқас кенорнының да тәуелсіз мемлекетіміздің күш-қуатын арттыруда, ел экономикасының қарыштап дамуына қосып отырған үлесі ұшан-теңіз. 40 жылда жасампаз еңбектің, ортақ игілік жолындағы береке-бірліктің үлесін көрсетіп келе жатқан қаламқастық мұнайшылар мұнай-газ секторын дамыту міндетін болашаққа абыроймен алып барады.

Барша ардагерлер мен мұнайшыларды Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнынан мұнай көзі ашылған тарихи оқиғаға 40 жыл толған мерейлі мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен қуаныш тілеймін! Қазақстанның баянды болашағы, игілік жолындағы еңбектеріңізде табыстан табысқа жете беріңіздер!

Мерейтой құтты болсын!

Құрметпен,

**«Қазмұнайгаз» ҰҚ» АҚ
Басқарма төрағасы
А.Айдарбаев**



Ата жолын, әке жолын үлгі еткен, Мұнай-қазына, үндестігі ұрпақтың

"Қаламқас" кен орнының 40 жылдығы мұнайшылар қалашығы - Қаламқаста ерекше тойланды. Жұмысшылар кентіне кіре берісте стала ашылды. Байырғы қаламқастық мұнайшыларға атаулы мерекесі күрметіне орай құттық рет белгіленген "Қаламқас кентінің күрметті азаматы" атағы мен "Қаламқас кен орнына - 40 жыл!" мерекелі медальі табысталды. Мерекесі салтанаты Жетібай кенорынында және Ақтау қаласындағы орталық апараттар жалғасын тапты. Елбейі елеңсігендер мен алғаш күрметтен қол соққан әріптестер ықыласы, Қаламқас тарихынан сыр шерткен оқиғалар қойылымы, мерекелі күннен мерей асқақтаған ардагерлер мен мұнайшылардың ринесіз көпшілігі фотототтамда.




Узақсаеме коллеси, дороге друзья!
*От всей души поздравлю Вас с 40-летним юбилеем месторождения Каламкас! Месторождение Каламкас особенно дорожу новым созвездием, поскольку именно здесь в далеком 1984 году в техническом отделе, в начале своего трудового деятельности. За время в том числе довелось проработать на Каламкасе, я приобрел бесценный опыт и знания, которые всегда были востребованы в моей дальнейшей трудовой карьере, и за что и безмерно благодарен всем своим наставникам и коллегам.
 Приятно поздравить с 40-летним юбилеем месторождения всех сотрудников, но в первую очередь, ветеранов, отдавших свой талант и сердце. Следом трудовому коллективу принимаю молодые высококвалифицированные специалисты, новые знания, которые я уверен, продолжат победные традиции ветеранов.
 Узақсаеме нефтинши Каламкас! Юбилейный сәу — это всегда отлаженный повод для подведения итогов и определения новых перспектив развития. Не сомневайтесь, что Вам во всемо времени реализация всех навыков и инициатив.
 Несмотря на то, посетив все работники месторождения здоровья, благополучия, добра, мира и взаимопомощия, новых трудовых свершений и профессиональных побед, неиссякаемых сил и вдохновения всех планы!*

С уважением,
 Жахан Мирзабаев,
 заместитель председателя Правления по производству АО НК «КалМұнайГаз»,
 Председатель СПАО «ММГ».



Күрметті мұнайшылар!
*Елбасамыз Нурсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі айтқандай, ел экономикасын сақтап тұртып бірден бір құрылыс мұнай, сол мұнайды өндiруде атқаратын жұртпен, тек қана атқарып емес кен орнының өскiрiне қарамай соған 5-10 жылда мұнай өндiру жолынан бір қаланы ұстап, тіпті оны кей жылдары артығымен ұрандай отырамын «Қаламқас-мұнай» өндiрiстiк басқармасы мен «Мамбетовтарлайқас» акционерлік қоғамы менеджерлерi мен жұмысшыларының еңбектерi орасан зор. Осыдан 40 жыл бұрынғы, тіпті 120 жыл бұрынғы ағаштары мұнайшыларымыз рухтары ұрандарымыз әкестiктерiмiз құлап, бір ауыл түрiс жетпей бопар, сол рухтар сіздердi ұрандай желдетiп жерерсiз.
 Кей тірлiс, біздер, ағашымыз мұнайдан Манғыстау түбесінде анығалымыз қорған, өндiрiстiк мұнайдан алынғаны қорған, сол кездi мұнайшылардың алғашқы әкестiктерiмiз түрiсiне, алғашқы бір миллион тонна мұнайдың тұрба бойымен Ақтау тұрпанын ашығаны тиесiлiк қорған мұнайшылар, ұрандарымыздық әкестiктерiмiз, олардың кәзiр әлеуметтік жағдайларымыздық әкестiктерiмiз құлап, бөлiшiмiз де осындай әкестiктерiмiз жетi берiнгiмiз кемi сенiмi.
 Сiздерге бақытты ұлым, шат-шадыман өмiр, балашықтарымыз амандық, зор дiңгiзiмiз, бейiт ендi бiр жiлдiмiз бiс; бiр өсетiн қуаң ымырағым бiрiс тiңсiмi! Мұнайымыз мөлi болсын!*





120 жыл
ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА

«Мектепке жол»



Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдығы аясында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам ұжымы Ақтау қаласындағы Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы әлеуметтік-әкімшілік мәселелері жөніндегі департаменті директоры Нұрлан Ілмұханбетов компания Басқармасы мен мұнайшылар ұжымы атынан аз қамтылған отбасы балаларына сыйлық ретінде мектеп формасын, спорттық киімдер, аяқ киім, басқа да қажетті заттарды тапсырды.

Шексіз қуанышқа бөленген балалар мен ата-аналарға арналған мектеп өнерпаздарының шағын концерті де жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ата-аналардың ризашылығына біз де куә болдық:

Бүгінгі күнді мейрамға айналдырған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастырушы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымына зор алғысымызды білдіреміз - деді Жанар Рыскулова. Өрдайым қолдау көрсетіп келе жатқан компания қызметкерлеріне сәттіліктер тілеймін.

Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдығы мерейтойлары құтты болсын!

«Биылғы оқу жылына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мекемесінің қолдауымен 18 баламызға мектепке арналған құрал-саймандар тарту етіліп отыр. Мектеп ұжымы атынан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на ерекше алғысымызды білдіреміз. Мұнайшы замандастарымызды мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз», - дейді №7 мектеп лицей директоры Гүлден Иманғалиева.

Осындай шарапаты мол шараны «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты ұнғыларды бұрғылау және күрделі жөндеу бөлімі де ұйымдастырды. Мұнайшылар Қаракия ауданы, Мұнайшы кентіндегі №7 орта мектептің екі оқушысына әрқайсысына 55000 теңгеден оқу құралдары мен мектеп киімдерін алуға көмек қолын созды.



«40 ЖЫЛ - «МЕН - ДОНОРМЫН!»

Аталмыш шараға Маңғыстаумұнайгаздықтар ұйымшылдығымен қатысып, Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдығы шеңберінде өткен акцияға қуана үн қосты. Қатысушылар арнайы сауалнаманы толтырып, ұзын-сонар кезекке тұрды. Марат Ераков та айтулы акцияға үлесін қосу үшін арнайы келіпті:

Менің қанымның тобы – 2, оң нәтижелі. Өз еркіммен келіп 450 миллилитр қан тапсырып отырмын. Акцияның тұрақты қатысушысы ретінде, әріптестерімді де сауапты іске аталысуға шақырамын. Егер менің қаным өзгелерге пайдасы тиіп жатса, қуанар едім. Қолдан келетін көмекті аямау керек деп ойлаймын.

Айта кетейік, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жылына төрт мезгіл акция ұйымдастырып, облыстық қан орталығы қорына қан тапсырып отырады. Мобильді оперативті бригада осы жолы 35 адамды қабылдап, оның ішінде қан қысымының төмендегі және т.б. қарсы көрсеткіштерге сай, донордың және донор қанын қабылдайтын пациенттердің қауіпсіздігі үшін онға жуық адамды тізімнен шығарды. Бір күнде 25 донордан 11 л. 250 гр. қан жиналды.

Акция аясында адам жанына араша болу ниетімен қан тапсырған барлық әріптестерге алғыс шексіз.

Қадірменді қаламқастық әріптестер!



Аруақты ата-бабалардың қасиетті мекені – Бозашы өңірінің қай кезеңде де ел ризығына айналғаны белгілі. Заманында қызыл балық, итбалық, көксеркесімен халқының қажетіне жараған көгілдір айдыңның жасауындағы ұиан-теңіз мұнай байлығы Қаламқас ару есімін жалпақ жертіңа паш еткелі қашан!

Даңқты дәстүрлерімен аты шыққан жарты-аралдың күні бүгінгі батырлары мұнайшылар деуге болады. Қазіргі таңда мұнда өзінің кәсіби шеберлігімен әбден шыңдалған жергілікті кәсіби мамандар еңбек етеді.

Осынау өндіріс майданында қызмет еткенімді мен де мақтан тұтамын. Алдыңғы буын ағаларымыздың салып кеткен сара жазымын жүріп, тынығымды, іс тетігін білетін жас ұрпақтың өсіп-жетілуіне, өркен жаяуына мұрдыңдық болсауымыз - қайнаған еңбек эстафетасы, ұрпақтар сабақтастығының айғағы іспеті.

Сөз жоқ, жаспан түзде көкке ытқыған алашқы мұнай бұрқағынан бастап мұнаралар басында, ұнғымалар қасында Қаламқас мұнайын ігеруде нешебір ұрпақтың алақанының табы, жүрегіннің оты, айқын қолтаңбасы бар.

Ендіше, ерен еңбек ырағын сақтап, егемен еліміздің ырыс-несібінен, құт-берекесін тасытуда құлашты кеңге жайып, теңіздей терең білім-білік, орасан күй-жісер танытып келе жатқан өндіріс басшылары мен мұнайшы қауымға мереке құтты, денсаулық мықты, әсер қойнауын жасрай шыққан мұнайымыз да, матияна төзілген маңдай термен келген абыройымыз да арта берсін демекшім.

Қосай Жұбаниязов,
мұнай-газ саласына еңбегі сіңген қызметкер,
«Қаламқас» кенорнының
бұрынғы басшысы (1998-2004 жж.)

Светқали Нуржан: ҚЫЗ ҚАЛАМҚАС

(«БАБА-ДАСТАН» кітабынан бір үзік)

Аран

...Жыл еді бұл күй* құрған,
күй* қаңсытқан,
Сөз тамбайтын ұястап тұттан шыққан.
Сөз тамбайтын ұястап тұттан шыққан.
Ай астында ақсөңке әруақ сынды,
Есі кеткен есіл ел – жұттан шыққан.

Құнан – сақау, көрт – қотыр, дере қажап,
Шалдар айтса: «Бізге енші – көр-азап-ақ!»
Тырын жыйып, мойныға құрым күй,
Бесқалаға босқан-ды ер-азамат.

«Қашан тарқар, Құдай-ау, аза мына,
Қарқаллази Күн бар ма қазағыма? –
Теңселеді Қаламқас – Аш халықтың
Ас салам, – деп, – қайткенде, қазана?»...


Күй* (к.т.) – құдық; күй* – табиғи бас бассейні.

«Жарайын, – деп, – туған ел зекетіңе!» –
Тигізеді жанға мұз, от етіне.
Зікір қылып Алланың таң-саһарда,
Сыйынады Ақ пірі – Бекетіңе!

Оты тозып, қыр жүзді күреңсіген,
Бесқаладан хабар жоқ – кіл ешпіден...
Мұнды күнің бірі еді...
Аспан асты
Топып кетті бір үнге үрен-сүрен!

Сетік атап жесіледі күрт бақырып,
Көбістерін кие алмай жүрт қатылып,
Алабұға секілді айдындағы
Шықты ару да әнәтте сыртқа атылып!

Жұрт ұғынды ұзамай сүрен мәнін,
Айдағандай Пір Бекет түзел малын –



Қалың киік келеді қырдан құлап,
Қызыл өрттей...
жө-жө-жөк, күрең жалын!

Ақ жібек пе – түл қатын отқа ататын?
Ақ жамбы ма – жәсір еткен жасатты
ататын?..
Жан-ағасы Бәйселдің «Бәйсібозы» –
Сапа берді Қаламқас атқа тақым!

Ынғарып ішіне, үн шығармай,
Күрсіне алмай жүрген қыз, тынышға
алмай,
Күрең өрте барды да қойып кетті,
Аш халықтың бүйірі бір шығарды!

Жатқан да жоқ ару қыз барлап бағыт,
Барады ағып Бәйсібоз, қаңбақ қалып.
Бір боз жасын, мысалы, күрең бұлға
Бір бүйірден қадалды сарнап барып!

Он үш жаста-ақ «аңшы қыз» атын алған,
Қаламқас па аң көрсе қаты қалған?!
Алап шығып аңсары – Жанарында
Гафый арман айнады, «аһы»-жалған!

Жатқан дала өңі азып, түбірі оңып,
Сала берді тіріліп дүбір еніп.
Тініне еніп тынады ақ киіктің,
Шыққан жесібе кірістен күңіреніп!

Жатыр киік артында жамсап қалып,
Келеді атып иетінен қан-соқта ғып.

Жаңа ғана туған Ай бұл қырыңға
Жасы саулап қарап тұр ашақ барып.

Бозашының қыры еді қайғы кезген,
Шалып қалды Қаламқас Айды көзбен.
Айдап әптақ бір киік жолын кесіп,
Салып берді соңынан Бәйсібозбен!

Қатпалында сор қалып, сөре қалып,
Арт жазында ор қалып, төбе қалып,
Жалғыз киік – жсаралы қанды із киік...
Айды бетке ап ару қыз келеді ағып...

Ішін тартып кенеттен баба-мекен,
Тосын мінез танытты алаботен...
Айға қарай ару қыз келеді ағып...
Ай дегені Ай емес... аран екен!..

Тарылғандай даланың төрт тарабы,
Не де болса, біздерді тартты араны...
Кенет... жалғыз мүйіз та төбеде...
Жалғыз көзді ақ киік жалт қарады!

Қазған аран салмай ма қақпанды ойға,
Қақпан қатса, қашпай ма атпаң да айға?
Жалғыз мүйіз ақ киік жалт қарады...
Жалғыз көзі бітіпті қақ маңдайға!

Құрбан болған жүрт үшін қасқа мерген,
Құттылар ма бәледен басқа келген?
Жалғыз мүйіз – төбеде...
Көз – маңдайда...
Шыққаны ырас жүрегім тас төбемнен!..

Бозашының ымырты еді қайғы ораған,
Сәулелері ұшқындап, Ай бораған...
Бесқалаға атпанып бара жатып,
Айтқан баян түсті еске Бәйсіл ағам...



40 ІЗГІ ШАРА»

МҰНАЙШЫЛАР ТАРТУУЫ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік саясатының басым бағыты – қайырымдылық шаралары. Бныдан бастап компания қамқорлығына Нәсіпқали Марабаев атындағы мектеп-лицей бекітілген болатын. Жаңа оқу жылына орай компания мектептің екі кабинетін 30 компьютермен жабдықтап, сыйлық жасады. Екі



сынып жаңа бағдарламамен жасакталған заманауи технологиямен толықты. Салтанатты шараға компания Басқармасы, Нәсіпқали Марабаевтың жұбайы Ләйлә Марабаева мен жас мұнайшылар қатысып, оқушыларды жана оқу жылымен құттықтады.

Нәсіпқали Марабаев мектебі - била сапасы жағынан көш басында. Әсіресе, IT технология бағытына бет бұрған оқу ордасы үшін компанияның бүгінгі тартуы - таптырмас мүмкіндік,-дейді мектеп директоры Гүлден Иманғалиева. Бұл кабинеттің ерекшелігі - талапқа сай компьютерлер, 3D принтерлер, интерактивті тақта - біздің мектепке аса қажетті құралдар болып есептелінеді. Жанартылған оқу бағдарламасына сай, информатика поні үшінші сыныптан бастап еніп жатыр, енді барлық балаларды информатика сабағымен қамту мүмкін болады.

Компанияның жомарттығы мұнымен шектелмеді. «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясы атынан мектептің қамқорлық Кеңесінің мүшесі, байырғы мұнайшы Ләйлә Марабаеваға қазақ мұнайының 120 жылдық мерекелік төсбелгісі табысталып, ұстаздарға естелік қадесыйлар таратты.



Құрметті әріптестер

Баршаға мереке құтты болсын! Мен Қаламқасқа 1981 жылы келдім. Доссордан Маңғыстауға аяқ басқан күні 3-4 сағаттың ішінде жұмысқа қабылданып, мұнайшы болып шыға келдім.



Қаламқастағы №1 мұнай-газ өндіру цехына жұмысқа келгенімде цех башысы Қуаныш Қосаев пен орынбасары Әлібек Нұрмұханов деген азаматтармен ағаштан салынған, мұнайшылардың тілінде «ЗРУП» деп атап кеткен жатақханаларда жатып, құлазыған жасап түзде жұмыс жасап едік. Далалық жағдай белгілі, тұрмыстық жайымыз күрделі болатын. Блок-боксдан жасалған топтық қондырғылардың жұмыс бөлмелерін өзіміз жабдықтап, жұмыс жасай беретінбіз.

Қазір Қаламқаста бәрі басқаша. Заманауи жатахана, асхана, спорттық сауықтыру кешені, тіпті кітапханаға дейін бар. Жұмыс орынымыз жаңа технологиялық құрал-жабдықтармен қамтылған. Сол цехтың №3-бригадасында осы кезге дейін табан аудармастан қызмет жасап келемін. Қаламқаста бүкіл жастық шағым, азаматтық жасылдарым өтіп келеді. Ризамын.

Мұнай-газ қызметкерлері күнінен тұстасқан 40 жылдық мерекеміз құтты болсын. Еліміздің экономикасы артып, көк байрағымыз желбірей берсін. Бүгінгідей абыройды да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жасарсақ еліміздің тұғыры берік болсын! Баршаңызға амандық, отбасыларыңызға бақ береке тілеймін.

Есенқос Бисалиев,
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ
№1-МГӨК
5-дәрежелі операторы



Қос мереке құтты болсын, ұжымдастар!

Сонау 81-дің қытымыр қысында Ақтау қаласынан ПАЗ автобусымен шығып, түс ауа Қаламқас кен орынына келген көп жұмысшының бірі мен едім. Ол кезде НГДУ «Комсомольск-нефть» деп аталған Қаламқасқа жұмысқа келгенімде цех бастығы Ханым Қусаев жолдама қағазыммен Қонысов Қанаттың бригадасына баруымды тапсырды. Осылай қызметтік жолым басталды.

Кенжеғали Назаралиев, Жұмамұрат Мемдіханов, марқұм Орынбасар Шадыраров деген азаматтармен бірге жұмыс жасап, бір бөлмеде тұрдық. Поселкедегі қазіргі наубайхана орналасқан жерде өзөндар, құрастырмалы жатақханалар тұратын. Қанат Қонысов пен марқұм Көшербай Әлібаев екеуі екі бригаданың шеберлері болатын. Кенорында ол кезде бар-жоғы үш топтық қондырғы бар. Топтық қондырғылар арасында жол жоқ, жаңбыр, қар болған күндері қатынас қиын болатын. Сол уақыттан бері қаншама қиын да қызықты қызметтік кезеңдер өтті. Қазір кен орымыз кеңінен құлдан жасайн үлкен өндіріс ошағына айналды. Еліміздің өркендеп, аймағымыздың экономикалық қазынасына табыс құйып келе жатырған іргелі мекеме.

Мереке құтты болсын, әріптестер, отбасыларыңызға бақыт пен береке, жұмыстарыңызға табыс тілеймін! Еліміз көркейе берсін!

Батырбек Мафтиев
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ
№1-МГӨК 5-дәрежелі операторы

«ӨЗ ӨЛКЕНДІ ТАНЫ!»

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесінің мүшелері «Өз өлкенді таны» акциясы аясында Маңғыстау ауданындағы Ақмыш сайына барып, сенбілік жасады. Шайыр ауылына барып, тұрғындарға әсерлі кеш сыйлады.

Қартаудың стегіндегі көгалды жер – Ақмышқа «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесінің мүшелері келіп, аумақты тазалау жұмыстарына білек сыбана кірісті.

Сенбілікті ұйымшылдықпен өткізген мұнайшы жастар кешкісін Шайыр ауылына концерт қойды. Кеште әндер шырқалып, өнерпаздар көпшіліктің көңілін көркем сазбен көтерді. Жиналғандар қобыздың қоныр үніне тамсанып, шырқалған әсем әуендерге тербеле биледі. Осылайша, Шайыр ауылында өткен кеш көңілді тәмамдалды. Тәрбиелік мәні зор шаралар биыл компания жанындағы жас мамандар Кеңесінің құрылғанына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

«ҚАРТҚА – ҚҰРМЕТ, ЖАСҚА – МІНДЕТ!»



Мерейлі мереке құрметіне орай ардагерлерге құрмет көрсетілді.

Алдымен жастар алғаш мұнай ашушылардың қатарында болған, Ұлы Отан соғысының ардагері Камқа Үмбетәліқызының үйіне барып, ардагер мұнайшының омырауына Қазақстан мұнайының 120 жылдық төсбелгісін тақты. Мұнан кейінгі құттықтау Әділ Нұрмановтың пәтерінде жалғасты. Ардагер мұнайшы жастарды ерекше ықыласпен қарсы алды. Кен орнының ашылуына куә болған ардагер мұнайшы Әділ Нұрманов

Бозашы туралы әдемі естеліктерімен бөлісті.

- Сіздерге үлкен рахметімді айтам. Біздің үлкейіп қалғанымызға қарамай мереке күндері келіп, құттықтап жатсындар. Көп жасандар, деп жастарға батасын берді.

Дәл осындай көңілмен жастар 1961 жылы өлкеміздің мұнай ашушыларының бірі болған Нұрмұхан Қанатбаевты да құттықтап, төсбелгі тақты. Жастардың ыстық ықыласы мен өнер шашуына ардагерлер дән риза болды.

БӨБЕКТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ күрделі жөндеу департаментіне қарасты ғимараттар мен құрылыстарды ағымды жөндеуден өткізу қызмет көрсету цехы тарихи дәстүрі қалыптасқан байырғы ұжым. Цех

жұмысшыларының қолтаңбасы олар әрлеген кез келген құрылыс нысанында сайрап жатыр. Төл мерекені енебегеті табыстармен қарсы алған Түркіпен Шаужанов басқаратын ұжым аға прораб Ахан Рахманұлының жетекшілігімен облыстық бөбектер үйінің ғимаратының сыртын әктеп-сырлап, сабилерге қуаныш сыйлады. Компания бастамасымен, құрылысшылардың қолымен жүзеге асқан қайырымдылық шарасы арқасында сан алуан түсті бояумен көз қуантқан сәнді Бөбектер Үйі қала көркіне өзгеше айшық қосты.



АРДАГЕР МҰНАЙШЫЛАР АЛҒЫСЫ

Ағымдағы 2019 жыл - еліміздің мұнай-газ саласы үшін елеулі мерейтой жылы. Қазақстанның қазіргі отын энергетикасы саласының тұғырын қалаған мыңдаған мұнайшылар үшін Қазақстан мұнайының 120-жылдығы – төл мерекесіндей, олардың арқайсысы тек ел мұнайының тарихына ғана емес, осы игі кәсіпті жалғастырушы ізбасарлардың, саладағы заманауи менеджерлердің бүгінгі атқарып отырған істеріне өзінің тікелей қатысын сезінгендей болады.

Бүгінде егемен Қазақстанның экономикалық қуатының негізі болып табылған 200-ден астам мұнай және газ кен орындарын ашқан мұнайшылардың аға буынының еліміздің өркендеуі мен толағай табыстарына қосқан үлесі зор. Мұнай-газ саласы, Елбасы Н.Ә. Назарбаев үндегендей, Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 50 елінің қатарына қосылуының басты негізі болып табылады. Республикамыздың аға буындағы мұнайшыларының атқарған ролі мен қосқан үлесі биыл Қазақстан мұнайының 120-жылдығында ерекше аталуда. Мұнайшы ардагерлердің көбі салаға сіңірген айрықша еңбегі үшін мерейтой медальдарымен марапатталды, ел Президенті мен республика Премьер-Министрінің атынан бірқатар ардагер үкіметтік марапаттарға ұсынылды.

Н. Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» Қоғамдық Қорының ұсынысы бойынша Атыраудағы Мұнай және газ университетіне Софи Өтебаевтың есімі берілді. Мұнайшылар Қазақстан мұнайының патриархы деп атап кеткен осы аты аңызға айналған тулғанын құрметіне туған жерінде ескерткіш орнатылды.

Елін сүйген үш мұнайшы азамат негізін салған, 15 жыл бойына 9 мыңнан астам ардагер мұнайшыны бір шаңырақтың астына біріктіре алған Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры республика ауқымында осы гуманитарлық шараны дайындау және өткізу жөніндегі жұмыстарға белсене атсалысуда. Біз «Самұрық-Қазына» ҰИК, ҚР Энергетика министрілігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «KazEnergy» қауымдастығына Қазақстан мұнайының 120-жылдығына өткізуге бағытталған ауқымды шараларды жоспарлауда біздің де ұсыныстарымызды ескергені үшін алғысымызды білдіреміз. Осы мақсатта құрылған жұмысшы комиссия көлемді ұйымдастыру жұмысын атқарып, аталмыш

мерейтойға дайындық науқанына республикамыздағы барлық кен игерушілерді тартты.

Мүмкіндікті пайдалана отырып, Сіздің газетіңіз арқылы біз Қазақстан мұнайының 120-жылдығына орай жоспарланған ішаралардың жүзеге асуына себін тигізгі жатқан барлық азаматтарға ардагер мұнайшылардың атынан алғыс білдіреміз!

Кейінгі жылдары республика Президенті және Үкіметі ардагерлердің өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты жүйелі жүргізуде.

көмек көрсету мақсатында, біздің қор мен «Самұрық-Қазына» ҰИК, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және оның компаниялар тобына кіретін: «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және басқа компаниялар арасында 2005-2016 жылдарға Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған болатын. Бұл құжат «Мұнайшы» қорын отандық мұнай компанияларының аға буындағы мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешудегі әлеуметтік әріптесі деңгейіне шығарды. Сала ардагерлері мен

жобаларды дамыту қоры «Аға ұрпақтан – жаңа ұрпаққа» жобасын жүзеге асыруға демеушілік көмек көрсетті. Бұл жоба көмекке мұқтаж және жалғыз басты ардагер мұнайшыларға, ҰОС ардагерлеріне, өндіріс мүгедектеріне қайырымдылық көмек көрсетуге және бірқатар іс-шараны өткізуге бағытталған.

2018 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта қор еліміздің барлық мұнай-газ өндірілетін аймақтарындағы мұқтаж ардагер мұнайшыларға, ҰОС ардагерлеріне, жалғыз бастылар мен мүгедектерге ай сайын қайырымдылық көмек көрсететін болады. Осы жобаның шеңберінде Қордың сайтын модернизациялау жұмыстары жүргізіліп, интернет-магазин функционалына ие электронды кітапхана жасалды. Себебі қордың шығарған барлық кітаптары тарихи, библиографиялық және анықтамалық материал ретінде ерекше құндылыққа ие болып, республикамыздың мұнай-газ өнеркәсібінің даму тарихын зерттеушілер үшін таптырмас көмекші құрал болып табылады. Электронды басылымдарға қол жеткізуді жеңілдету мақсатында «ҚМА» және «Женіс» топтамасындағы кітаптардың барлығы, «Қазақстанның мұнай энциклопедиясы-2005» анықтамалығы сандық форматқа көшірілді. Осы басылымдардың барлығын электронды нұсқада www.munayshy.kz веб-сайтынан сатып алуға болады.

Қордың негізін қалаушы және тұңғыш атқарушы директоры, мемлекет және қоғам қайраткері, атақты бұрғышы Нәсіпқали Өбүғалиұлы Марабаевтың есімі берілген гуманитарлық салалық «Мұнайшы» қоғамдық қорының алға қойған мақсаттары әлі де көп. Қор мұнай-газ саласы ардагерлерінің сіңірген еңбегіне лайықты баға беріп, мұнайшы кәсібін ұлықтау үшін аянбай еңбек етуге дайын.

Біз барлық отандық және шетелдік компанияларды қоғам алдындағы және көмекке мұқтаж ардагер мұнайшылардың алдындағы өз әлеуметтік жауапкершілігін орындау мақсатында бізбен ынтымақтасып, күш біріктіруге шақырамыз. Біздің бір-бірімізге тігізер пайдамыз көп болатынына сенімдіміз.

Ардагерлер бизнес қауымдастығының көмегіне әлі де зәру!

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры



Дегенмен саланың көптеген ардагерлері әлі де әлеуметтік қолдауға мұқтаж, әсіресе соңғы уақытта. «Мұнайшы» қоғамдық қоры мұқтаж ардагер мұнайшыларға әлеуметтік және рухани-моральдық қолдау көрсету жөніндегі ауқымды бағдарламасын жүзеге асыруда. Біздің атқарып отырған ішараларды атасақ, бұл: ай сайынғы атаулы материалдық көмек, мерзімді басылымдарға жазылу құнын төлеу, мерейтой иелерін құттықтау, ардагерлерге қиын жағдайда қолдау көрсету; «Қазақ мұнайының ардақшылары» атты атақты мұнайшылар жайлы кітаптар топтамасын басып шығару, кен ізашарларының Даңқ аллеяларын ашу және басқа да гуманитарлық іс-шаралар.

«Мұнайшы» қоры демеушілік қаражатты шоғырландырудың ыңғайлы нысаны әрі мұнайшыларға атауды әлеуметтік көмек көрсетудің ең оңтайлы жолы болып табылатындығын ескере отырып, сондай-ақ, шынайы демеушілік

осы компаниялардың басшылығы арасындағы байланыстырушы әрі сенімді буын бола отырып, ардагерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуде маңызды рөл атқаруда.

Қор өз қызметінде тек ұлттық мұнай компанияларымен ғана әріптестік қатынастармен шектелмей, республикамызда мұнай операциялары жүзеге асыратын шетелдік, жеке және біріккен кәсіпорындардың демеушілік қаражаттарын жұмылдыру бойынша зор ұйымдастыру жұмысын жүргізуде. Қазақстан мұнайының 120-жылдығында «Қарағандық Петролюм Оперейтинг Б.В.», «Тенгизшевройл» (ТШО) және тағы бірнеше шетелдік компания қорға үлкен қолдау көрсетті. Ардагерлердің ол үшін алғысы зор.

2018 жылы Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры құрылтайшыларының «Самұрық-Қазына» Ұлттық Игілік Қорына өтініші бойынша «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік



әр түпкірінен жиналған сегіз команда спорттың сегіз түрінен бақ сынасты. Үздік үштіктен көрінген волейболшыларымыз тамаша ойын үлгісін көрсетті. Бас жүлде үшін қызу тартыспен өткен атық сында «ҚазТрансОйл» командасына есе жіберіп алған маңғыстаумұнайгаздықтар екінші орынды қанжығаға байлады. Айта кететін жағмы жаңалық – әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментінің спорт жөніндегі жетекші нұсқаушысы Нұрлан Елубаев «үздік байланыстырушы» номинациясын жеңіп алса, спортшы қыздарымыз «жанкүйер қозаймы» атады.

Өз күшіне сенімді біздің команда келесі долларда бұдан да жоғары жетістіктерге қол жеткіземіз деп отыр. Ал

әзірге жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларымызды қажырлы жаттығулар мен жеңісті биіктер күтіп тұр.



ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫМЫЗ - ҮЗДІК ҮШТІКТЕ



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы топтық компаниялар арасындағы спартакиаданың финалдық

кезеңі биыл Шымкент қаласында болды. 19 тамызда басталған жарыс Қазак мұнайының 120 жылдығына орайластырылды. Еліміздің



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
 «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Г.Әбдісәдік
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., №1 үй, тел.: 212-035, 215-266 212-194, 211-885
 Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
 ■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
 ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде төріліп, беттеледі.
 Индексі: 64265

«АТІS» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ша. тел: 525500